



plans.label.author: Жавай Айбат

plans.label.category: Қазақ тілі (Т1)

plans.label.class: 7-сынып

plans.label.section: Ауа райы және климаттық өзгерістер

plans.label.theme: Ауа райы және климаттық өзгерістер Фонетика 7.1.6.3. Ерекше табиғи құбылыстар Интонация. Кідіріс.

Логикалық екпін

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.ЖЗ. Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу. ӘТН2.1. Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.
Сабақ мақсаты	Мәтіннен жалпы мәліметті анықтайды, детальді мәліметті ажыратады, сызба бойынша дәлелдейді, суретте берілген процесті сипаттап жазады.Сөйлеу барысында интонация, кідіріс, логикалық екпінді түсінеді, орынды қолданады.
Ойлау дағдысының деңгейі	жоғары деңгей: қолдану, бағалау.
Бағалау критері	Мәтіннен жалпы, детальді мәліметті ажыратады, сызба бойынша дәлелдейді, суретте берілген процесті сипаттап жазады. Сөйлеу барысында интонация, кідіріс, логикалық екпінді түсінеді, орынды қолданады.
Құндылықтар	Құндылықтар 3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият. Себебі: денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың ең маңызды шарты.
Пәнаралық байланыс	7.3.2. География Атмосфера. Қолайсыз атмосфералық құбылыстар тақырыбымен сай білім берілді.
Алдыңғы білім	Табиғи құбылыстар арқылы жыл мезгілдерін ажыратады.

plans.stages

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі: (2 минут)	1.Сәлем сөздің атасы Әдісі: «Табиғат қимылымен амандасу» Шарты: оқушылар табиғат құбылыстарын қимыл-қозғалысқа келтіре отырып амандасады. Соңында барлығы сыныппен амандасады. 1.Жаңбыр (оқушы екі аяғын жерге соғып, жаңбыр дыбысын шығару). 2.Құйын (екі қолын сермеп құйын қимылын жасау). 3.Қар (екі қолын көтеріп қар шашу қимылын көрсетеді). 4. Дауыл (дауыл қимылын жасап амандасу).	https://massaget.kz/layfstay/alemtanu/syrlly-alem/1012
2. Психологиялық ахуал. (3 минут)	Әдісі: «Қар көшкіні» Шарты: оқушылар шеңбер құрайды, мұғалім де оқушылар арасынан орын алады. Әрбір қатысушы өз есімін атап, оған бастапқы әріптен басталатын бір сын есімін (эпитет) қосады. Мәселен, «Айнаш» есімі «А» әрпінен басталады, яғни Айнаш өз есіміне «алғыр» (немесе «ақылды», «айбынды», «асқақ», «айлалы», «арынды»т.б) сияқты сын есімді қосады. Келесі оқушы да дәл осылай өз есімін атайды, оған сын есім қосады да, алдында тұрған барлық оқушылардың есімдері мен эпитеттерін қайталап шығуы керек: «Алғыр Асан, думанды Дәмеш, сабырлы Сейітжан, әділ Әбілғазы, реңді Рызуангүл, жалынды Жомарт! Ал мен - берекелі Бақытпын!».	http://bilimdiler.kz/ustaz/25294-sabaktarda-koldanatyn-50-adis-tasil-turleri.htm
3.Топқа бөлу (2минут)	Әдісі: «Тылсым табиғат» Шарты: табиғат құбылыстары бейнелеген суреттер арқылы топқа бөлінеді. 1 топ «Жаңбыр» 2 топ «Қар» 3 топ «Жел» ТЖ.	Қима қағаздар javascript: void(0) javascript: void(0) javascript: void(0)

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Қызығушылықты ояту (4 минут)	<p>Тәсілі: Модельдеу Әдісі: «Редакциялау» Саралау түрі: нәтиже немесе жауап беру. 1-тапсырма. Берілген өлеңді дұрыс орналастырыңыз, өлеңнің авторын, тақырыбын анықтаңыз. Жаңбыр жауар, жер кірін жуамын деп, Бәрінен де айбатпен адам шығар, Бұлттар қаптар, көгіңде түнертем деп, Дауыл соғар, түнекті қуамын деп. Өзен шалқыр, тау-тасты жарамын деп, Күн күлімдер, нұр болып туамын деп. Бәріңнен де күш тартып аламын деп. Жел ойнақтар, далада дарамын деп. Ықтимал жауап Авторы: Қалижан Бекхожин. Тақырыбы: Жаңбыр жауар Жаңбыр жауар, жер кірін жуамын деп, Күн күлімдер, нұр болып туамын деп. Бұлттар қаптар, көгіңде түнертем деп, Дауыл соғар, түнекті қуамын деп. Өзен шалқыр, тау-тасты жарамын деп, Жел ойнақтар, далада дарамын деп. Бәрінен де айбатпен адам шығар, Бәріңнен де күш тартып аламын деп. Дескриптор -Авторды анықтады. -Тақырыбын айқындады. -Өлеңді дұрыс орналастырды. ҚБ Әдісі: «Шеңбердегі бұлт». Бір -бірін бағалау Шарты: Оқушылар шеңберлене отырып, бұлттың кішкене сұлбасын сағат тілі бойынша жылжытып отырады. Бұлт қолына тиген оқушы сабақ туралы бір сөйлем айтады. Кері байланыс -сізге не қиын болды? -қай жерде көмек керек болды?</p>	<p>Өлең жолдарын қиып беру Қалижан Бекхожин «Жаңбыр жауар» Жаңа әдіс-тәсілдер 97 бет</p>
Сабақтың ортасы Мағынаны таңу (123 минут)	<p>Ж Тәсілі: Саралау Әдісі: «DEAL» Шарты: D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу). E – Explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу). A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру). Саралау түрі: тапсырма бойынша саралау 2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Оқыған мәтіннен табиғат құбылыстарын сипаттап жаз. Өз пікіріңді білдіріп, детальді мәліметті анықтаңыз, өз ойымен байланыстырып сызба бойынша жазыңыз. Мәтінмен жұмыс: D баяндау, суреттеу (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу). Ерекше табиғи құбылыстар бойынша оқығанды байланыстырып сипаттап жаз E explain – түсіндіру (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу). Ерекше табиғи құбылыстар бойынша не білетініңді түсіндіріп жаз L analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау). Табиғи құбылыстар бойынша өз ойыңызды детальді мәліметтерді қолдана отырып қорытынды ойынды жаз A Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру). Өзін білетін табиғи құбылыстармен байланыстыра отырып жаз Дескриптор - Ерекше табиғи құбылыстар бойынша оқығанды байланыстырып сипаттап жазды. - Табиғи құбылыстар бойынша өз ойын детальді мәліметтерді қолдана отырып қорытынды ойымен жазды. - Сөйлеу барысында интонация, кідіріс, логикалық екіпінді орынды қолдана білді. ҚБ Әдісі: «Күншуақ». Өзін-өзі бағалау. Шарты: тақтада күн орнатылған, балаларға сары және көгілдір түсті сәулешіктер таратылады. Сәулешіктер күнге жапсырылуы керек: сары түсті – маған өте ұнады, өте көп қызық ақпараттар алдым; көгілдір түсті – сабақ қызық емес, мен үшін маңызды ақпараттар болған жоқ.</p> <p>ЖЖ Тәсілі: Өзара талқылау Әдісі: «Кластер» Шартты: тұжырымды ойларын карталарға түсіріп, жұптық жұмыс қорғалады (постер) Саралау түрі: тапсырма бойынша саралау 3-тапсырма Мәтінді жұбыңмен оқы, сөйлеу барысында интонация, кідіріс, логикалық екіпінді қолданып, детальді мәліметті ажыратып, постер құрастырыңыздар. Дескриптор -Сөйлеу барысында интонация, кідіріс, логикалық екіпінді орынды қолданды. - Мәтіндегі детальді мәліметті анықтады. -Оны постерге құрастырып, дәлелдеді. ҚБ Әдісі: «Допты лақтыру».Өзара бағалау. Кері байланыс - детальді мәліметті анықтау қиын болды ма? -постер құрастыру сізге қиын емес пе? -сізге не ұнады? Ж Тәсілі: Белсенді оқу Әдісі: «Лотерея барабаны» Шарты:оқушы сөзді суырып алып шығады да, ол туралы не білетінін айтады. Саралау түрі: тапсырма бойынша саралау. 4- тапсырма. Табиғат құбылыстары туралы берілген сөзге, сурет арқылы процесті сипатта. Сөйлеу барысында интонация, кідірісті сақтап сөйлеңіз. Дескриптор - Табиғат құбылыстары туралы суретке сипаттама берді. - Сөйлеу барысында интонация, кідіріс жасады. ҚБ « Серпілген сауал» Өзін-өзі бағалау Кері байланыс -жауабы туралы не ойлайсыз? -оңы қалай дамытуға болады? -айтылған пікірлерді бір сөйлеммен қалай тұжырымдар едің?</p>	<p>Жаңа әдіс-тәсіл топтамасынан http://smk.edu.kz/ https://ppt-online.org/88423 50-әдіс http://smk.edu.kz/ Y.m 191бет 50-әдіс 3- бет javascript: void(0) Y м.191-бет</p>

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың соңы Ой қорыту (4 минут)	ТЖ Тәсіл: Саралау Әдіс: «Батискаф» Шарты: екі топ бір-біріне кезекпен жұмбақ жасырады. Топтың бір оқушысы жұмбақтың шешуін қимылмен өз тобына жасырылған сөзді жеткізу керек. Саралау түрі: нәтиже және жауап бойынша саралау 5- тапсырма. Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтың шешуін шешіңіздер. Сол сөзді қимылмен екінші топқа көрсетіңіздер. Жұмбақтың шешуіне жалпы мәлімет беріңіздер. Қысты күні аппақ, Жазды күні сұп-сұйық. Мұрынсыз шымшық мұз теседі. Жазда болмайды, қыста болады. Терезге қонады, әсем ою салады. Бір нәрсе жоғарғыда от жағып тұр, Дабылдатып дабылын ол қағып тұр. От жағып , дабыл қағып тұрғанында, Сабалап төмен су ағып тұр. Қусам да жеткермейді, тұра қашты, Барды да бұрыш қаптың ауызын ашты. Әуеден күбі түсті, Күбіден түбі түсті. Ықтимал жауап Жұмбақтың шешімі: қар,су; тамшы; қырау; жаңбыр , найзағай; боран; күннің күркіреуі. Дескриптор -жұмбақтың шешуін шешті. - қимылмен көрсетті. - жалпы мәліметке анықтама берді. ҚБ «Қар лақтыру». Бірін -бірі бағалау. Кері байланыс -қарды алысқа лақтырса, толық түсіндім. -ортасына түсе, жартылай түсіндім. -жақын түсе, мүлде түсінбедім.	50-әдіс .10 бет https://www.zharar.com Ү м. 191-бет.
Үй тапсырмасы	Табиғат құбылыстары. Дауыл, құйын туралы мәтінді оқыңыздар.	
Рефлексия (2 минут)	Кері байланыс Әдіс: «Найзағай» Шарты: стикерге жазып, бұлтты найзағайға жапсырады. Мен осы сабақта не білдім..... Осы сабақта алған білімді қайда қолданамын.... Сабақтан кейінгі менің көңіл күйім.....	Ресурc infourok.ru